

Ақтасты жалпы орта білім беретін мектебі

Азаматтық пен патриотизм деңгейін арттыру мақсатында ұйымдастырылған қоғамдық қызметке, оның ішінде оқушылардың өзін-өзі басқаруы және пікірталас қозғалысы арқылы тартылған білім алушыларды үлесі

2023-2024 оқу жылы бойынша: мектеп парламенінің құрамында -10 оқушы (23%), «Алғырлар» пікірсайыс клубы құрамында 15 оқушы, (41,6%), мектеп волонтерлар клубында 10 оқушы (23%) қамтылған.

Мектептің өзін-өзі басқаруы ұйымы бойынша парламенті білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ажырамас бөлігіне айналған. Мектеп әкімшілігімен бірге жоспарлы іс-шаралар жүргізілген. Аға тәлімгер Б.Жалғасбаев «Тәуелсіз елдің ұрпақтары» атты көшбасшы балалармен кездесу өткізді және «Қазақстан менің Отаным» тақырыбында бастауыш сыныптарға сурет байқауын ұйымдастырды. Нәтижесінде 1 кл оқушысы Құлдықова Кәусар 1 орын, 3 кл оқушысы Марат Нұрқанат 2 орын, 4 кл оқушысы Ғабит Меруерт Зорын иеленді. Тәлімгер Б.Жалғасбаев «Өрт тілсіз жау» атты суреттер байқауын ұйымдастырды. Шараға 1-10 сынып оқушылары аралығында қатысты. Бастауыш сынып А4 форматта сурет салса, жоғары сынып плакаттар салды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Мен елімнің патриотымын», «Таза мектеп- таза сынып» акциясы, "Жеңіс туы желбіресін!" атты челлендж, қарттар мерекесіне орай ата-әжелерді мерекемен құттықтап, ұстаздар күніне орай «Ұстазыңды құттықта!» челленджі, «Біз біргеміз» атты «Дармарка» акциясы, қоғамдық сенім атмосферасын қалыптастыру және оқушыларға өздерін адал адам ретінде тануға мүмкіндік беру мақсатында «Адалдық дүкені» ұйымдастырылды. Мектептегі өзін-өзі басқару жұмысын жандандыру, тұлғаның көшбасшылық қасиеттерін ашу және білім алушылардың ұйымдастырушылық қабілеттерін іске асыру мақсатында «Дублер күні» , «Ұстаз-Ұлы тұлға» атты мерекелік шара ұйымдастырылған. Шара барысында ұстаздар күніне арналған қойылымдар, асқақтаған ән , күмбірліген күй, мың бұралған бишілер би орындап, бірқатар ұстаздар марапатталған. «Дублер күніне» орай педагогикалық кеңес өтіп, дублер білім алушыларға бағалар берілген. Мектеп алды даярлық топтары мен бастауыш сынып білім алушыларына арналған «Кел, жаңа жыл, жаңа жыл!» атты жаңа жылдық ертеңгілік ұйымдастырып, Алғыс айту күні қарсаңында халықтың жалпыұлттық бірлігін, құрметі мен ынтымағын нығайту мақсатында аудан мектептері арасында ұйымдастырылған «Алтын жүрек» челленджіне қатысқан. 5-8 сынып оқушылары «Қоқыссыз әлем» акциясы аясында аулымыздың ойын алаңына, мәдениет үйі және мектеп айналасына тазалық жұмыстарын жасады.



[Handwritten signature]

С.Г.Аяпова